

Алматы қаласында хайуанаттар ұстау тәртібін бекіту туралы

Күші жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі I сайланған XV сессиясының 1997 жылғы 6 қыркүйектегі Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1998 жылғы 15 қаңтарда N 5 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008 жылғы 2 шілдедегі N 118 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008 жылғы 2 шілдедегі N 118 шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы" Z934100_ Қазақстан Республикасы Заңының N 40 бабына сәйкес, үй жағдайында қала тұрғындары ұстайтын хайуанаттар санының өсуін ескере отырып Алматы қалалық Мәслихаты шешім қабылдады.

1. Алматы қаласында хайуанаттар ұстау тәртібі бекітілсін, беріліп отыр.
2. Аудан әкімдеріне тиісті қала қызметтерімен және басқармалармен келісім бойынша аудандардағы санитарлық аймақтарды белгілесін және хайуанаттарды серуендетуге арналған арнайы алаңдарды жабдықтасын.
3. Осы шешімнің орындалуын қадағалау халықты әлеуметтік қорғау денсаулық сақтау, азық-түлік пен қызмет көрсету саласы мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға жүктелсін (А.Ж. Байсарина).

I сайланған Алматы
қалалық Мәслихаты
XV сессиясының

төрағасы

I сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының

хатшысы

I сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 1997 жылғы
6 қыркүйектегі XV сессиясына

қосымша

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ХАЙУАНАТТАР ҰСТАУ ТӘРТІБІ

А. Тарау. I. Жалпы ережелер

1.1. Осы тәртіп ведомстволық бағыныстылығы мен меншіктің санына қарамастан ұйымдар мен кәсіпорындарды қоса алғанда Алматы қаласындағы хайуанаттардың барлық иелеріне қолданылады.

1.2. Хайуанаттарды ұстаудың міндетті шарттары төмендегідей:

- Жыл сайын қайта тіркеу жасау, аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы егілу, жұқпалы ауруларға қарсы шаралар қолдану және тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік аудандық ветеринарлық емханаларда 2,5 - 3 айлықтарынан бастап диагностикалық тексеріс. Жаңадан алынған хайуанаттар екі апта мерзімде аудандық ветеринарлық емханаларда тіркеліп, осы жөнінде тіркеу куәлігін алуға т и і с ;

- санитарлық-гигиеналық, ветеринарлық-санитарлық тәртіп пен норманы с а қ т а у .

1.3. Хайуанаттар тіркеу куәлігінсіз көрмеге қатысуға және тұқымдық б а й қ а у ғ а ж і б е р і л м е й д і .

1.4. Хайуанаттарды қаладан тысқары жерге сату мен әкетуге тек белгіленген үлгідегі ветеринарлық куәлік толтырылғанда ғана рұқсат етіледі, онда тіркеу куәлігі негізінде Алматы қаласының Ветеринария Комитеті беретін вакцинация және дегельминтизация күні көрсетіледі.

1.5. Хайуанаттарды суаттар мен өзендерге шомылдыруға тыйым салынады.

1.6. Хайуанаттар ветеринарлық маманның ұйғарымы бойынша әкетіледі және оқшауландырылады.

2. Хайуанаттар иелерінің міндеттері

2.1. Хайуанаттар иелері міндетті:

- оларды биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес күтуге, ізгілікпен қарауға, қараусыз тастамауға, ал ауырған жағдайда ветеринарлық көмекке өз уақытында ж ү г і н у г е ;

- оларды ұстайтын және серуендететін орындарды тұрақты санитарлық ж а ғ д а й д а ұ с т а у ғ а ;

- мемлекеттік ветеринарлық мекемелер мамандарының талабы бойынша хайуанаттарды өз уақытында тексеруге, диагностикалық тексеріс пен емдеу-сақтандыру шараларына ұсынуға;

- адамдар мен хайуанаттар ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қажетті шараларды қабылдауға;

- бұдан әрі күтіп ұстау мүмкін болмаса, хайуанатты басқа иеге беруге немесе ветеринарлық мекемеге беруге;

- хайуанатты алғандығы, жоғалтқандығы немесе өлгендігі туралы тұрғылықты жердегі мемлекеттік ветеринарлық қызметке хабарлауға;

- хайуанаттар адамға немесе хайуанатқа жарақат салса, хайуанат иесі бұл туралы кешіктірмей таяудағы медициналық және ветеринарлық мекемеге жеткізуге, ветеринарлық маманның бақылауымен тексеріс пен оқшаулау үшін мемлекеттік ветеринарлық емханаға жеткізуге.

2.2. Хайуанатты мемлекеттік ветеринарлық емхананың оқшауханасында

ұстауға байланысты барлық шығын "Ветеринария туралы" 25.07.95 ж. N 2376 U952376_ Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығының 28 бабының 3 тармағына сәйкес хайуанат иесі есебінен өтеледі.

2.3. Өліктерді әкету мен тасу үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды тасу жөніндегі арнайы көлік кәсіпорынына хабарлануға тиіс. Өлікті лақтыруға немесе оны жерге көмуге тыйым салынады.

3. Хайуанат иелерінің құқығы

3.1. Кез келген хайуанат оның иесінің меншігі болып табылады және барлық меншік түрі сияқты заңмен қорғалады.

Б. Тарау. Ит пен мысық ұстау

4.1. Рұқсат етіледі:

- Туысқандық қатынастары жоқ екі және одан да көп отбасы тұратын пәтерлерде, тұрғынжайда, олардың келісімімен және көршілерді медициналық қарсы айғақ болмаған жағдайда хайуанаттар ұстауға;

- ұйымдарда, кәсіпорындар мен мекемелерде азық-түлік емес дүкендерде және т.б. орындарда итті қысқа баумен және тұмылдырықпен алып жүруге;

- жолаушылардың мазасын алмайтын жағдайда бақтау арқылы хайуанаттарды барлық көліктермен тасуға;

4.2. Тыйым салынады:

- қоғамдық орындар мен көлікте бау мен тұмылдырықсыз серуендетуге, сондай-ақ мас күйіндегі адамдар мен 14 жасқа дейінгі балалардың алып жүруіне;

- хайуанаттарды қоғамдық орындарда, ас үйде, дәлізде, баспалдақ алаңында, шатырда, подвалда, сондай-ақ балкон мен лоджияда ұстауға;

- хайуанаттардың кіре-беріс, баспалдақ алаңын, лифтіні, сондай-ақ спорт, балалар алаңын, жасыл желекті, тротуарды, парк аумағын ластауына. Егер хайуанат осы орындарда нәжіс тастап кетсе, оны иесі жинауға тиіс;

- ит пен мысықты терімен ет үшін өсіруге;

- қала Ветеринария Комитетінің рұқсатынсыз ит сайыстарын өткізуге.

4.3. Дүкенде, ауруханада, дәріханада, тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарында және т.б. жерлерде байлап қалдырған хайуанаттарды қоспағанда қоғамдық орындарда иесіз жүрген ит пен мысық қараусыз болып саналады және арнайы қызметтердің аулауына жатады.

4.4. Тұрғын үйдің төңірегіне итті серуендеткен кезде тыныштық сақтауға, иттерді үргізбеуге міндетті.

Бұл хайуанаттар арнайы бөлінген алаңдарда ғана серуендетілуге тиіс:

- көшеден өткенде және жол жанынан жүргенде жол көлік оқиғасын болдырмау үшін итті бауынан ұстау қажет.

5. Үй, ауыл шаруашылық хайуанаттарын, құстар мен араны ұстау

Санитарлық аймақта ауыл шаруашылық хайуанаттарын, құстар мен араны жаюға, айдап өтуге ұстауға тыйым салынады. Санитарлық аймақ аудан әкімінің ш е ш і м і м е н б е л г і л е н е д і .

5.1. Үй хайуанаттары, құстар мен ара жеке сектордағы тұрғын үй, мектеп, емдеу мен балалар мекемелері, парк, хайуанаттар паркі, стадиондар, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны, сауда, жеңіл өнеркәсіпорны, көп пәтерлі үй, жалпы демалыс орны, балалар сауықтыру лагері, демалыс үйі, санаторий аумағынан, жасанды суат, шыңырау құдық пен Кіші Алматы, Весновка, Үлкен Алматы өзендері мен олардың ағыстары жағалауынан қолданыстағы нормативтерге сәйкес қашықтықта орналасқан арнайы жабдықталған жабық ғимаратта ұстауға т и і с .

Бір қабатты үйлерде бірден артық отбасы тұрса белгіленген ветеринарлық-санитарлық тәртіпті сақтай отырып осы үйде тұратын көрші отбасылардың келісімімен хайуанаттарды, құстар мен араны ұстауға болады.

5.2. Экзотикалық хайуанаттарды ұстауға қала ветеринария комитетінің а р н а й ы р ұ қ с а т ы қ а ж е т .

5.3. Қоражай ай сайын ақталып, апта сайын дезинфекциялануға тиіс, қи, азық қалдығы мен боқсық бұл үшін арнайы бөлінген жерге өз уақытында әкетілуі қ а ж е т .

5.4. Сәуір мен қараша айларының бойында шыбынмен, әртүрлі жұқпалы ауруларды таратушылармен күресу мақсатында үй хайуанаттарын мен құстарды ұстайтын орынды аптасына кемінде бір рет инсектицидтік препараттармен өңдеп о т ы р у к е р е к .

5.5. Малды көшеде, алаңда, бақта, паркте және басқа қоғамдық орындарда ж а ю ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

5.6. Балалардың мектепке дейінгі мекемелерінде, мектептерде, оқушылар сарайында, кооперативтерде, жабайы және үй хайуанаттары тек қаланың Ветеринария комитетінің рұқсатымен ғана ұстауға.

5.7. Қазақстан Республикасы Бас Мемветинспекторының 1996 ж. 2 қазанда бекіткен тәртіпті сақтау бойынша көліктің барлық түрлерінде хайуанаттарды әкелуге және тасуға рұқсат етіледі.

В. Тарау. Хайуанат иелерінің осы тәртіпті сақтау жөніндегі жауапкершілігі

6.1. Осы Тәртіпті сақтамағандығы үшін хайуанаттар иелері U952376_ " Ветеринария туралы" 25.07.95 ж. N 2376 Қазақстан Республикасы Президентінің

заң күші бар Жарлығына және 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155-ІІ ЗРҚ " Әкімшіліктік құқық бұзушылық туралы" К010155_ Қазақстан Республикасы Кодексімен сәйкес жауапкершілік көтереді.<*>

Ескерту. 6.1 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының ІІ сайланған ІХ сессиясының 2001 жылғы 04 сәуірдегі шешімімен .

6.2. Азаматтың денсаулығына келтірілген зақым немесе хайуанаттың мүлікке келтірген залал заңда белгіленген тәртіппен хайуанат иесі есебінен өтеледі.

І сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты XV сессиясының
төрайымы

І сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы